

Бағдар - айқын, болашақ жарқын



БОГАТЫРЬ
КОМЕР



Халық мүддесі мен мақсаты жолында жұмыс жасайтын «Нұр Отан» партиясының жұртшылық арасында, кәсіпорындар, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар алдында беделі артып келеді. Бұл саяси ұйым шын мәнінде халықтық партия екенін іс жүзінде дәлелдеді.

Ольга Дмитриевна Хозяшева - «Богатырь Көмір» ЖШС-і құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімі бастығының орынбасары. «Нұр Отан» партиясының мүшесі. Осы кәсіпорындағы бастауыш партия ұйымын басқарады. Біз Ольга Дмитриевнамен бастауыш партия ұйымының кәсіпорындағы салмағы, партия басшылығымен атқарылған игі шаралар жайлы әңгіме өрбіткен едік.

дауында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға назар аударған еді. Сіздің кәсіпорында мүгедектер жұмыспен қамтылды ма?

- Біздің ұжымда 47 мүгедек жұмыспен қамтылды. Жыл аяғына дейін тағы да бес мүгедекті жұмысқа қабылдауды жоспарлап отырмыз. Осы бағытта мүгедектерді жұмысқа орналастыру жайлы арнайы жоба әзірленді.

-Салауатты өмір салтын қалыптастыру қандай деңгейде орындалуда?

Жұмысшыларды ынталандыру мәселесіне келсек, «Кәсібінің үздігі» байқауы тұрақты өткізіледі. Бұл өз кезегінде жұмысшылардың арасында өзара бәсекелестікті туғызып, адамдардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге ынталандырады.

-Еңбек әулеттері қалай ардақталады? Кәсіпорында еңбек әулеттері бар шығар?

- Біздің кәсіпорындағы еңбек әулеттерін біз қадірлейміз, өзгелерге үлгі етуге тырысамыз. Еңбек әулеттері кәсіпорын қамқорлығындағы №№7,13

-Ольга Дмитриевна, бүгінде бастауыш партия ұйымының қатарында қанша адам бар?

-2012 жылы 1 сәуірге дейін «Нұр Отан» партиясына «Богатырь Көмір» ЖШС-нен 425 адам мүшелікке енді. Мен бастауыш партия ұйымының тізгінін ұстағаннан кейін жұмыскерлерді партия қатарына тартуды бастадым. Содан партия мүшелерінің саны 527 адамға жетті. Бұл істе «Богатырь» кенішінің директоры Серік Макаров, партияның ұйымдастыру тобының жетекшісі Р.Жаманов қолдау жадады.

2013 жылы партия қатарына 279 адам қабылданды, олардың басым көпшілігі – Богатырь жүк тиеу-тасымалдау басқармасының жұмыскерлері. Осы орайда басқарма басшылары А.Григорьевке, Е.Қоңырбаевқа алғысым шексіз.

Бүгінде бастауыш партия ұйымына 874 адам мүше. Айта кетерлігі, біздің кәсіпорында қалалық мәслихаттың екі депутаты: Серік Жұматайұлы Макаров пен Эльдар Рзақұлұлы Абдинов - бастауыш партия ұйымының мүшесі. Ал облыстық мәслихат депутаты Еркен Жүнісұлы Рахманғұлов - «Нұр Отан» партиясы Екібастұз қалалық филиалында саяси кеңестің мүшесі. Депутаттар қаламыздың, облысымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуда қомақты үлес қосып жүр. Белгіленген кестемен тұрғындарды қабылдап, сайлаушылармен кездеседі. Жаңа оқу жылы қарсаңында депутаттар «Мектепке жол» акциясына қатысып, тұрмысы төмен отбасылардың балаларын киіммен, оқу құралдарымен қамтамасыз етті. Қарттар күнінде зейнеткерлерге мереке ұйымдастырып, ақшалай және заттай сыйлықтар таратты.

-Богатырь Көмір» ЖШС-де еңбек адамына қандай құрмет көрсетіледі? Жастардың баспана мәселесін шешу қарастырылған ба?

- Біздің кәсіпорын Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік модерни-

зациясы: Еңбек қоғамына – 20 қадам» бағдарламасына орай әлеуметтік дамуға ерекше мән беріп отыр. Бұл бағытқа «Нұр Отан» партиясының мүшесі, қалалық партия бөлімшесі саяси кеңес мүшесі, облыстық мәслихат депутаты Еркен Рахманғұлов жетекшілік етеді. Баспанамен қамтамасыз ету мақсатында 2013 жылдан бері 35 жасқа дейінгі жастарға 25 000 АҚШ доллары көлемінде пайызсыз несие беріледі.

«Жастардың кадрлық резерві» партиялық жобасы шеңберінде 30 жасқа дейінгі жастарға әрқашан қолдау танытамыз. Жастарды жұмыспен қамтамасыз ету, олардың қызмет баспалдағымен өсуі, бос уақытын қамту да – бастауыш партия ұйымының бақылауында.

Бұл бағыттағы жұмыс екі топ негізінде жүзеге асырылуда: алғашқысы - өндірістік жүйе, ал екіншісі - «Lean Six Sigma» жобасы. Екінші жобада лауазымды қызметке келетін жастарды дайындап жатырмыз. Бұл топты партия мүшелері Ольга Ковтун және Юрий Пеньков басқарады.

2014 жылы «Жастар – Отанға» атты партиялық жоба іске қосылды. Біздің компанияда жастар қозғалысын «Нұр Отан» партиясының мүшесі Асылбек Нұрғалиев басқарады. Жастар өндірістік және қоғамдық жұмыстарға белсене араласады, олардың арасында шығармашылыққа бейім таланттар да бар. Кәсіпорындағы мерекелер, корпоративтік шаралар осы жастардың күшімен өткізіледі. Олар жастардың бос уақытын қамтиды, Көңілді тапқыштар клубын, байқауларды, конкурстарды ұйымдастырады.

«Бақытты отбасы» жобасы шеңберінде біздің жұмыскерлердің «Жасыбай» демалыс орталығында демалып, денсаулығын жақсартуға мүмкіндігі бар. Бұл бағытқа әлеуметтік даму басқармасының бастығы Евгений Иванов жетекшілік етеді.

- Елбасы үстіміздегі жылы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жол-

жолы

Компанияда спорттық-сауықтыру кешені жұмыс істейді. Мұнда үлкен спорт зал, тренажерлер, бассейн, футбол алаңы бар. Компания өз қаржысына №6 лицей-мектебінің, №10 мектептің, «Зерде» дарынды балаларға арналған мектебінің және «Жасыбай» демалыс орталығындағы футбол алаңына жасанды жабын төседі.

Біздің спорттық команда жылына екі рет қала және облысты есептемегенде, Астана қаласында олимпиадалық, халықтық және ұлттық спорт түрлерінен өтетін жарыстарға қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр. «Богатырь» кеніші директорының орынбасары Серік Саттаров – Түркістан қаласында дзюдо күресінен ардагерлер арасында өткен республикалық чемпионатта жеңімпаз атанды. Сондай-ақ Испанияның Малага қаласында өткен ардагерлер арасындағы Әлем біріншілігінде үшінші орынды иеленді. Спортшының жолсапарын компания көтерді.

-Сіздерде ұжымдық келісімшарт қалай жасалады. Компания жұмыскерлері тегіс атсалыса ма? Оны жыл сайын өзгертіп отырасыздар ма?

-Біз ұжымдық келісімшартты құру мәселесіне өте жауапты қараймыз және оның орындалуын да назарда ұстап отырамыз. Ұжымдық келісімшарт өзгертілсе немесе толықтырылса, оны конференцияда ашық дауысқа саламыз. Ұжымдық келісімшарт талаптарының сақталуын қадағалап отыратын арнайы комиссия жұмыс істейді. Оның құрамына партия ұйымдарының өкілдері мен Жұмысшы жастар кеңесі енді. Құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында оқу-курстық комбинатында Әкімшілік кодексті, еңбек және техникалық қауіпсіздікті қорғау ережелерін оқытуды жоспарлы түрде жүргіземіз.

Сонымен бірге ақпараттандыру мәселесі де шешілген, біздің мамандардың барлығына интернет қолжетімді. Мерзімдік баспасөзге жазылуға жыл сайын 4 млн. теңгеге жуық қаржы бөлінеді.

кәсіпорын қамқорлығындағы мектептердің, политехникалық колледж және №4 кәсіптік колледж түлектерімен кездесіп, жастардың мамандықты дұрыс таңдауына ықпал етеді. Өткен жылы партия филиалында Әбдуалиевтер, Комаровтар, Наконечныйлар әулеті тау-кен мамандығы саласында оқып жатқан политехникалық колледж студенттерімен, жастар қозғалысының белсенділерімен кездесті. Қонақтар еңбек және отбасы, ұлттық құндылықтар жөнінде кеңінен өңгіме толғады. Үстіміздегі жылы Пиковтар әулеті Астана қаласында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ ұйымдастырған Еңбек күніне қатысты.

- Тіл саясаты қалай жүзеге асырылуда?

- Серіктестікте тілдің сақталуын қадағалау және оның қолданылу аясын кеңейтуді жүзеге асыру бастауыш партия ұйымының негізгі міндетіне жатады. Кәсіпорында мемлекеттік тілді 2020 жылға дейін енгізу және дамыту жөнінде арнайы бағдарлама қабылданды. Компанияда мемлекеттік тілді меңгерген жұмыскерге сертификат беріледі. Жыл сайын мемлекеттік тілге, қазақ халқының салт-дәстүріне қатысты байқаулар өткізіледі. Мемлекеттік тілді енгізу шеңберінде жергілікті жазушы Мақсұт Нұрмағамбетовтің «По лезвию совести» кітабының тұсаукесерін өткізген болатынбыз. Сайыскерлерге «Нұр Отан» партиясы Екібастұз филиалының қаржысына сатып алған кітаптарды сыйға тарттық.

Наурызда мемлекеттік тілді енгізу және насихаттау шеңберінде «Ару қыздар» сайысы ұйымдастырылды. Қалалық «Наурыз мейрамы» мерекесінде жыл сайын біздің компания бас жүлдені жеңіп алады.

Біздің кәсіпорында жұмысшы мүддесі бәрінен жоғары қойылады. Ең бастысы бағдарымыз – айқын, болашағымыз - жарқын. Осы бағыттағы жұмысымыз алдағы уақытта да жалғасады.

- Өңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Дария ЕРТАЙҚЫЗЫ